

А **М** **И**
К
В
И
Н

Тәуелсіздік үшін күрескен тұлға



Тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл болғанымен, қазақтың мемлекетшілдігі, азаттыққа ұмтылысы дәуірлерге дастан болардай тереңге кетеді. Тәуелсіздік үшін күрес ешқашан толастаған емес. Біздің сөз етпегіміз де азаттықты аңсаған тұлғалардың бірі жайында болмақ.

Бірде газетімізде Алматының сәулет және қала құрылысы ескерткішіне жататын үйлері жайлы жазғанбыз. Былай деппіз: «Алматыда қазақ көпестерінің ішінен тек Аманжол Аюкиннің Жібек жолы мен Панфилов көшелерінің қиылысындағы 1897 жылы салған қос қабатты үйі сақталып қалыпты. Үйді салуын салғанмен, онда ұзақ тұрмай 1905 жылы сатып жіберіпті. Нәтижесінде, бұл үйде Верный сарт диаспорасының басшысы Сейіт Ахмет Сейдалиннің тұрғаны үй қабырғасындағы ескерткіш тақтада жазулы тұр. Саид – Ахмед Сейдалин қаланың құрметті ақсақалы болыпты. 1887 жылы Алматыда болған жер сілкінісі кезінде жараланғандарға арнайы киіз үйлер тігіп, ыстық тамақ дайындатып, киім-кешек, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіпті. Қала ақсақалының бұл қайырымдылығы естеліктерде қатталған. Сол кезде зілзаладан өлгендерді қазіргі 28-панфиловшылар саябағына жерлеген екен, кейін ол жер тегістеліп кеткен. 1918 жылы дәл осы Сейдалин тұрған үйде Жетісу мұсылмандарының тұңғыш құрылтайы өтіпті. Кезінде «Ұшқын» газетінің редакциясы да болған. Қазір бұл үйде Дінмұхаммед Қонаев қоры орналасқан».

Осы мақала шыққан соң көп ұзамай «Айқын» газетіне мені оқыған-тоқығаны білініп тұрған бір зиялы әйел іздеп келді. Өзін Құрманалиева Биқан Сағымбекқызы деп таныстырды. Жоғарыдағы мақалада атап кеткен қазақ көпесі Аманжол Аюкинмен өзінің атасы Ақпанбет Құрманәліұлы ағалы-інілі бір әкеден туған екен. Текті әулеттің ұрпағы. Биқан Сағымбекқызы біздің Аюкин деп отырған кісіміздің шын есімі Аюке екенін, биыл еліміз тойлағалы жатқан егемендігіміздің алғашқы қадамы Алаш азаматтарының қилы-қилы өмір жолынан бастау алатынын айта келе, қазақ даласынан шыққан тұңғыш заңгерлердің бірі – Аюке тегі Садық Аманжолұлы жайлы мағлұматтарымен бөлісуге келіпті. Отаршыл қызыл империя, әсіресе, заң қызметкерлерін қатаң бақылауға алғаны белгілі. Соның салдарынан Мұстафа Шоқай батыстағы Түркия елінен пана іздесе, Ырайымжан Марсеков пен атақты Аюке әулетінен шыққан заңгер Садық Аманжолұлы Қытайдағы қандастарынан пана іздеп шығысқа шекара асады.

Орынборда өткен жалпы қазақ-қырғыз съезінде А.Бөкейханов басқарған Алашорда ұлттық үкіметін құрылғаны белгілі. Қазақ елі өздерінің болашағын оқыған, жоғары білімді жиырма бес Алаштың азаматтарына табыстаған екен. Солардың бірі – Жетісу аймағынан сайланған Садық Аманжолов. (Алаш, Алашорда энциклопедиясы). – Кезінде Садық атамыз Мұхаметжан Тынышбаев, Жұбаныш Бәрібаев, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұловтармен жақсы қарым-қатынаста қызметтес болған. Қазіргі кезде Алаш азаматтарының он шақтысы ғана ел есінде, оларға қалаларда ескерткіш орнатылып, көшенің аты, мектептің, университеттердің аты берілген. Жүз жылдық, жүз жиырма бес жылдық мерейтойлары аталып өтіп жатады. Олар туралы музейлер де бар. Өткен жылы желтоқсанның 25-інде Садық ата 130 жасқа толды. Бір өкініштісі, Садық атаға туған қаласы Алматыда бірде-бір белгі жоқ, – дейді Биқан Сағымбекқызы. – Аюке тегі Садық Аманжолұлы 1885 жылдың 25 желтоқсанында Алматы қаласында өмірге келеді. 1907 жылы Алматы қаласындағы ер балалар оқитын гимназияны бітірген соң, сол жылы Қазан университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1912 жылы бітіріп шығады. Қазан қаласында бес жыл оқиды. Садық атаға сол жылдары елден қомақты көмек беріп тұрған менің атам Ақпанбет Құрманәліұлы. Менің атам Ақпанбет пен Садық ата бір жылдың түлектері. Екеуі егіздердей әр кез бір-біріне көмектесіп, ақылдасып, бірі – ауылда, бірі – қалада өз туыс-жарандарына тірек бола білген ағайынды жандар. Садық ата оқуды бітірісімен Алматыға оралып осы қаланың аймақтық сотына судья болып орналасады. 1914 жылы емтихан тапсырып жоғарылап, мировой судья қатарына ілігіп, Лепсі аймағындағы Аягөз (Сергиополь) қаласына жұмысқа ауысады. Бұл жұмысқа шақырған М.Тынышбаев болады. Сол жерде қызмет істеп жүрген кезінде Аягөзде

тұратын Сафа Насыров деген татардың қызы Фаиза апамызға үйленеді. Ол апамыздың әкесі екі мәрте Меккеге барып келген, дінге қатты сенетін үлкен молда болған және ауқатты адам.

Ел басына қиыншылық туындаған кезде Алаш азаматтарының жұмыстары қыруар болды. Сондықтан Байтұрсынов, Дулатов, Аманжолов үшеуі бірдей қиын кезде Алаш делегациясын бастап Шәуешекке баруы мүмкін емес-ті. 30-жылы тұтқындалған кезде М.Дулатовтың берген жауабында Қытай жеріне бардым деген мәлімет жоқ. Алаш, Алашорда энциклопедиясын қарап шықтым, бұл жерде жазылған деректерде де А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың Шәуешекке барғаны туралы кездестіре алмадым. Осындай мысалдардан кейін, Қытай жеріне барған делегацияны әрі заң қызметкері, әрі Жетісу аймағын басқарған Садық Аманжолов бастап барды деуге дәлелім бар сияқты. Делегация құрамында тек Жетісу аймағының өкілдері ғана болғаны соған айғақ. Бұл кез мамыр, маусым айлары қар кетіп өзендердегі мұздың еріген шағы. Ал тамыз айында Аягөзде Алаштың жасақтары большевиктерге қарсы күресті. Бұл тарихи уақиғаның қандай мақсат қозғағанын Кәрім Акрами «Алашорда делегациясының Қытайға сапары» атты мақаласында жазып қалдырған. С.Аманжолов бастап барған делегация Қытайдағы Шығыс Түркістанда ежелден өмір сүріп жатқан қазақ қандастардан көмекке жартылай қаруланған жүздік әскерін ғана алып елге қайта оралады. 1918 жылы тамыз айында қару-жарақпен жөнді қамтамасыз етілмеген, соғысуға үйретілмеген ел ішінен жинақталған қазақ азаматтары мұздай болып қаруланған, саны жағынан он мыңға жететін большевиктердің қарулы күшіне қарсы тұра алмайды, жеңіледі.

1918 жылының күзінде қазақ жерінде демократиялық қоғам құруды, егеменді ел болуды аңсаған және осы мақсатпен большевиктерге қарсы күрес жүргізген саналы да сауатты қазақтың маңдайына біткен нар тұлғалы ұлдары, Алаш партиясының мүшелері биліктен алыстатылып қуғын-сүргінге ұшырайды. Садық атаның басына да қара бұлт үйіріле бастайды. Большевиктермен болған ұрыста жараланғаннан кейін бір жылдай Аягөзде отбасының қасында болады. 1919 жылдың күзінде, жарасынан айыққаннан кейін, Ақпанбет атам ар жақтағы қазақтар қоныстанған жерге Садық атаны отбасымен көшіріп апарды. Қытай жерінде де Садық атамызға тыныштық болмайды. 1922 жылы Құлжа қаласында атаға «мұсылмандардың арасында большевиктер туралы үгіт таратасың» деген жала тағылады. Садық атаның үйінде тінту жүргізіліп, түрмеге жабады. Түрмедегі үш айы үш жылға татиды. Сол кезде бес жастағы бала болса да қызы Рая тәтенің есінде мәңгілік сақталғаны – әкесіне түрмеге барғандағы көрініс. Әкесінің мойнына ағаштан жасалған қамыт кигізіп, аяқ-қолын ұзын, жуан темірден жасалған шынжырмен құрсаулап тастағаны.

Отызыншы жылға дейін Қытаймен екі ортағы шекара ашық болған екен. Ар жақтағы керей елімен менің атам Ақпанбет кезінде жақсы қарым-қатынас жасап тұрған. Атам ар жақтағы Садық атаға барып ауылдағы қарт әкесіне баласының, немерелерінің амандығын жеткізіп тұрады. Сондай бір барғанында Садық атаның түрмеге түскенінен хабардар болады. Ақпанбет атам сол жердегі керей рулары арасындағы беделді деген қазақ билерін кепілдікке шақырады. Сол билердің араласуымен Садық ата түрмеден тез арада босап шығады. Түрмеден босарда атаны дұнған (мұсылман) мешітіне апарып «екінші қызылдар туралы үгіт жүргізбеймін» деген ант бергізіп содан кейін босатады. Садық ата, әкесі Аманжолдың қайтыс болғаны және өзінің де түрмеден әлсіреп шыққанына байланысты 1922 жылы ел ішінде қыстап шығады. Ал 1923 жылдың наурыз айында Алматыға келіп облсотқа судья болып қызметке орналасады. Көп кешікпей облсот төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Осы жұмысын 1928 жылға дейін атқарған. Алматыға келіп орналасқан кездегі бес бөлмелі, ауласы кең жер үйі сол кезде қаланың ең шетінде болады. Көшенің алғашқы аты Сенной көшесі, екінші аты Пастер көшесі, қазіргі аты Мақатаев көшесі, 8 үй (Өз қолымен жазған өмірбаянынан көруге болады).

Садық Аманжолұлының 1928 жылы ең соңғы жайлауға барғанында ағайындарын жинап алып айтқаны: «Малға қарайламай, өздерің аман болыңдар, бала-шағаларың аман болуы үшін Қытайға жер аударғандарың жөн» деп кеңес берген екен. Сол кездегі бауырларының басына төнген қара бұлтты көре білген атамыздың соңғы ақылы осы болады. Сталин басқарған большевиктер енді ауылдағы бай мен биді қаралай бастайды. Ақпанбет атам ауылдағы ағайындарымен екі мәртебе мал-мүліктері тәлкіленеді. Атама өз руының биі болғандықтан Сібірге айдалу қаупі төнеді. Екі атамның жасы отызыншы жылы қырық беске таянып қалған кездері. Бала кезден бір-біріне тіреу болып, егіздердей бір-біріне ақыл берген, кездескенде тел қозыдай жарасқан екі атам «Алла дәм-тұзды бұйыртса кездесерміз» деп қоштасады. Ақпанбет атам көш басы болып туыстарымен бірге 1930 жылы Қытайға өтеді. «Екі-үш жылда қайта ораламыз» деген үміттері келмеске кетеді. Сталиннің бұйрығымен Қытай мен екі арадағы шекара 1955 жылға дейін жабылады. Садық Аманжолұлы 1928 жылы Москвадан жіберілген нұсқау бойынша Алматы аймақтық сотына қайтадан орналасады. 1930 жылы 18 тамызда Москваға жұмысын ауыстырып, онда «Мособлстройсоюз», «Мосстройпром» заводында заң қызметкері ретінде кеңесші болып, осы жұмысын 1931 жылдың желтоқсанына дейін істейді. Осы жылдың 1 желтоқсанында Садық Аманжолұлы тағы да Тұрар Рысқұловтың қолдауымен Москвадан тікелей берілген жолдамамен Қырғыз АССР-ы, Пішпек қаласындағы аймақтық министрлер кеңесіне аға консул болып ауыстырылады. Садық ата Москвада тұрғанда Тұрар Рысқұловпен бір үйде тұрады. Екеуі ағалы-інідей сыйласқан екен.

1937 жылдан бастап қызметтегі лауазымы жоғары, білімді азаматтарды қаралап, оларға жала жабу тағы басталады. Сол кезде Садық ата бала-шағасымен Таразға көшіп келеді. Ол жерде білімі жетерлік, тәжірибесі мол, дәрежесі әлемдік деңгейдегі судья бола тұра жұмысқа орналаса алмайды. Садық ата ары қарай көшіп Ташкентке барып паналайды. Ташкенттің ең шеткі көшесінен ескірген екі бөлмелі үйді сатып алады. Ташкентте Садық ата жай судья болып қалалық тамақ және сауда өнеркәсібіне жұмысқа орналасады. Егер Садық ата қазақ жерінде қалған болса сол жылдары ұсталып, сотталып ату жазасына кесілер еді.

1918 жылдан бастап қуғын-сүргінді үш дүркін басынан өткерген атамыздың денсаулығы 1937 жылдары нашарлай бастайды. Жұмысы да өзінің көңілінен шықпаған адал адам, тай-құлындай ойнақтап өскен туған жерден, елден алыстағаны жасы елуден асқан атама оңай болсын ба? 1941 жылы 22 маусымында Ұлы Отан соғысы басталады. Дәрігерлік оқуды бітірген үш қызы да майданға аттанады. Атамыздың ауруы күзге қарай асқындап, сол ауру ақырында 1941 жылы желтоқсанның бесінде 56 жасқа толар шағында өмірін үзіп мәңгі тұрағына алып кетеді.

Менің арманым, Садық Аманжолұлына да туған жерінде бір көшенің, мектептің аты беріліп, ескерткіш орнатылса, аруағы разы болар еді дегім келеді. Садық ата Ташкент қаласына өз қалауымен, өз еркімен кеткен жоқ, ол өмір соққысы, сол заманның ызғарлы желі – Алаштың азаматтарын өз еліне тұрақтатпай шетелге кетулеріне мәжбүрледі. Осы кезге дейін ескерусіз қалған көптеген Алаш қайраткерлерінің арасында осы біздің атамыз Садық Аманжолов та бар, – дейді Биқан Сағымбекқызы.

Төреғали ТӘШЕНОВ